

С.ӘБУШӘРІП

**ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІ
НЫҒАЙТУДЫҢ ФАКТОРЛАРЫ**

Автор в статье прослеживает факторы укрепления национального единства в политическом Казахстане, определяет дефиниции понятий «этнос» и «национация».

Bu makalede, birçok etnis grupları yaşadığı Kazakhstan'daki millî birliği kuvvetlendirici faktörler analize edilmiştir.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 15-сессиясында Елбасы Н.Назарбаев «Ұлт бірлігі Доктринасы» төңірегіндегі мәселелерді жалпыхалықтық талқыға шығаруымыз шарт деген еді. Осыдан соң «халық», «ұлт», «этнос», «қоғам», «отан» және «ұлтаралық қатынастар» сөздері мен сөз тіркесі лауазымды жандардың, жалпы жүртшылықтың тарапынан жиі-жій тілге алынатын болды. Алайда, бұл сөздер бір мағыналас болып көрінгенмен, олардың астарына үзілген абыз. Оларды біздің қалайша ұғынатынымызға байланысты ой-пікірлеріміздің одан әрі өрбітілуінің сипаты анықталмақ, сіздермен бірге біздің де тағдырымыздың өзгеріске ұшырауы бек мүмкін.

Латын тілі арқылы біздің тілімізге еніп, орнықкан ұлт мағынасындағы «нация» сөзі көбінесе «халық» немесе «этнос» терминімен астарлас келеді. Бұл сөз халық жады мен жаңынан өшкен жок, бірақ ол біздің тілімізде де жаңа мағынаға ие болуда. Бірақ үл сөзді баспасөзде қалай болса солай қолдану белен алуда. Мысалы, Президент тарапынан алға тартылған осынау Доктрина қазақ баспасөзінде «Қазақстанның Ел бірлігі» деп аударылған [1] және басқаша сөз тіркесімен берілген: «...Ұлттық келісім доктринасын қабылдау қажеттігін мәлімдеді...». – «Ассамблея ана тіліне бет бүрдьы» («Жас қазак», 30 қазан 2009 жыл. 2 бет) т.б [2].

«Ұлт» терминінің орнына «халық», «ел», «қоғам» және «этнос» сөздерін орынсыз қолдана беруге болмайды деп білемін. Олардың әрқайсысы өзіндік мән-мағынаны бейнелейді. Газеттерді парақтағанда, радионы тыңдал, теледидар хабарларын тамашалағанда бірінші болып «халық» сөзі ойға оралады. Бірақ ол қазіргі қоғамға қаратыла қолданылғанның өзінде де көп мәнге ие. Оның бір мағынасы – қоғамның төменгі топтарын бейнелейді. Халықтың олигархтарға, ақсүйектерге, билік басындағыларға қарсы күресі деген тіркестер өмірде бар жәйт. Бұдан тысқары, «халық» сөзі белгілі бір гео-элеуметтік организмге (территориясы мен саяси-экономикалық жүйеге ие) жататын адамдардың жиынтығын белгілеу үшін де қолданылады. Мысалы, кезінде «совет халқы» деп айтқан едік кой. Қазіргі уақытта да Ресей немесе Қазақстан халқы деп айттылады. Алайда, бір кездері біртұтас болған, қазіргі уақытта ыдырап, жоқ болып кеткен Совет Одағы тұргындарының арасынан қазактар, армяндар, молдавандар және т.б. топтар ажырап шықты.

Адамдардың бұл қауымдастықтарының әрқайсысын бейнелеу үшін де халық сөзі қолданылуда. Сол грузин, қазақ т.б. қаратыла айтылатын «халық» сөзі, «совет халқы» дегендегіге қарғанда басқаша мағына беретіндігі түсінікті болса керек. Нақ осынау мағынаны (жекеленген халық пен оның өзіне ғана тән ерекшеліктерін) білдіру үшін этнологияда айрықша терминдер пайдалылады. Олар – «этнос» деген сөз бен «этностиқ қауымдастық» сөз тіркесі.

Этнос дегеніміз не? Егер барша қазақтар, айталық француздардан нендей ерекшеліктерімен ажыралып тұрады деген сауалды қойсақ, оның жауабы қандай болар еді? Әрине, олардың бір гео-элеуметтік организмнің құрамында болтуы дей алмаймыз, яғни территория мен экономика бірлігі емес. Қазіргі уақытта 5 млн-та жуық қазақ басқа елдерде тұрып жатыр. Ал, өз елінен АҚШ-қа оралмластай болып кетіп қалған орыстар көп уақыт бойы, көбінесе өмірінің ақырына дейін орыстар болып қала береді. Белгілі бір қауымдастықтың мүшелерін туыстандыратын, сонымен бірге оларды мұндай басқа қауымдастықтардың екілдерінен ажыратып тұратын бірінші белгі – тіл. Дегенмен де бұл қағиданың ағылшындар, француздар, испандарға қатысы жоқтай, өйткені олардың тілдерінде басқа қауымдар да сөйлейді. Халықтар арасындағы айырмашылық ең алдымен мәдениет пен мінез-құлықта көрініс береді. Жоғарыда тілге алғынған халықтардың тілі бір, бірақ олардың мәдениеттері басқа-басқа. Иә, тілдік бірлік мәдени қауымдастықтың пайда болтуы мен дамуының ең маңызды шарты болып табылады. Сонымен бірге этностиқ ең маңызды компоненттерін оның өзіндік сана-сезімі мен атауы – этоним құрайды.

Этнос – бұл әлеуметтік қауымдастық. Бірақ оған кей-кейде биологиялық сипат беріліп, қарастырылады. Мұндай ұстанымды Ю. Семенов терістейді [3]. Ал, шынтуайтына келгенде балалар ата-аналарынан мәдениет пен этникалық сананы ғана емес, дene құрылымын да мұра етіп алғып, алға қарай жалғастырады емес пе? Осыдан барып этникалық қауымдастық негізінен бұл шығу тегінің бірлігі, әрбір этнос – бұл адамдардың айрықша әuletі, тегі деген ұғым келіп шығады. Адамның бір этноса жататындығы оның қаны бір шығу текпен байланыстыра анықталады. Адамдар өздерінің ата-аналарын басқалармен шатастырып алмайды, қанымыз да осындаі деп есептейді. Мұның бәрі этностиқ текі адамдардың айрықша биологиялық түрі-әuletі ретінде түсінуге үндейді. Адам және оның ұрапқтары өздерінің шығу тегі мәселесін әрдайым есінде сақтайды емес пе? Олар биологиялық ата-аналарын таңдай алмайды. Ортақ ататек әрдайым адамдардың бір-біріне деген бейілділігін күшійте отырып, олардың жақындаусының негізін қалайды. Демек, этникалық тек адам өмірінің объективтік жағдайларының әсерімен қалыптасады екен. Тұылғанынан бастап адам белгілі бір этностиқ белшегі болып табылады.

Әрине, егер этностиң қалыптасуының алғашқы кезеңінде бірінші орынға адамдардың шығу тегі мен территория бірлігі шықса, кейінректе бұл рөлді

Әбушәріп С. Полиэтникалық Қазақстандағы ұлттық бірлікті...

ситуацияға қарай тіл, мәдениет, идеология (дін), әлеуметтік-саяси құрылым бірлігі, бір әміршінің құзырында болу сияқтылар алмаса атқарып отырады. Айта кету керек, әдебиетте этнос пен қоғам тенденстіріле қарастырылада. Олар өзара байланысты болса да, басқа-басқа құрылымдар. Мысалы, немістер ГДР мен ФРГ сияқты түрлі типтес әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық құрылымдарда өмір сүрді емес пе? Демек, этнос қоғамның тілдік-мәдени және биологиялық ерекшеліктерге ие тұрғындарының топтарынан ғана құралады. Соңдықтан жеке-жеке алғандагы немістердің қоғамдық құрылымы туралы әңгімелеге болмас. Бірақ тұстарай алғандагы Германияның қоғамдық құрылымы туралы сөз қозғауға болады.

В. Бабаков пен Ю. Семенов этнос пен ұлт ұғымдарын ажыратада отырып, этнос территориялық-тілдік және мәдени-психологиялық компоненттерден тұрады, ал ұлт ұғымынан этникалықтық және әлеуметтік процестер орын алады дейді. Бұл тұжырыммен келіспеуге де болады. Археологиялық, этнографиялық және тарихи деректер этнос – бұл адамдардың белгілі бір ұжымы екендігін, ендеше онда, сөз жоқ, әлеуметтік қатынастардың бой көрсетіп жататындығын көрсетеді. Бұл ретте В.П.Торукалоның этнос және оның типтері биологиялық пен әлеуметтіктің бірлігі деген диалектикалық ұстанымын колданаға болады. Ұлт, – дейді ол, – әлеуметтік-экономикалық факторлармен анықталады. Олардың ішінен ең бастысы – мемлекет [4]. Бұл мәселелерді зерделеуде жүйелік ұғымдарға жүгінген В.Б.Касевич, этникалық қауымдастық өзін «қандық» белгілер арқылы ғана емес, мәдени стереотиптердің сипаты арқылы да ажыратада түйсініп-түсінеді. Ұлт өмірінде бірінші орында гео-саяси ерекшеліктер тұрады, ал мәдени белгілер екінші орынға ығыстырылады, деп тұжырады. Айта кету керек, мұндай жағдай бірнеше этникалық топтардың негізінде пайдада болған ұлт өмірінен орын алады. Ал, monoэтнос-ұлтқа мұндай ерекшелікті телуге болмайды. Бұл ретте тілдің рөлі де ауызға алынбаған. Шын мәнінде, ол - күлті мәдени стереотиптердің іргетасы, яғни онда этнос пен ұлт өмірінің кристалданған бейнесі көрінісін тапқан.

Жалпы алғанда, ұлт сияқты құрылымның мәні саяси мақсаттарды көздеген ұлттық қозғалыстарда көп-көрім көрінеді дейтін авторлар сөздерінің жаңы бар. Капиталистік қатынастардың туындауы, бүкіл елді қамтыған нарық әлеуметтік-саяси организмін тұстастығын одан әрі нығарлайды. Нәтижесінде бір уақыттың өзінде орталықтанған мемлекет болып табылатын бұл организм өзінің мүшелерінің кез алдында ортақ Отан ретінде сезініле бастайды да, бұлардың бәрі бұл Отаның мұдделерін жақтаған қоғамдық күш ретінде, яғни ұлт ретінде топтасады. Қазіргі жағдайда ұлт кей-кейде адамдардың бір ортақ Отанға біріккен жиынтығы ретінде көрінуде. Азды-көпті үлкендеу әлеуметтік-тарихи организмдер толығымен мұндай отандық сипатқа ие бола алады. Шынында да, жаһандану, интеграциялану мен универсализациялану процесстері белең алған қазіргі заман мен жағдайда ұлттың өзі адамдардың өмір сүріп отырган елін Отаным деп, ал өздерін

отандастар деп біртінде мойындаған жерде пайда болуы мүмкін. Демек, ұлттың Кеңес өкіметі кезіндегі классикалық деп саналған анықтамасы толықтыруды қажет етеді. Өзгеріске ұшырамай қоймайтын, қатып қалған зат, құбылыс және оқиға деген болмайды. Сондықтан да ұлттың «төрт тағанды» белгілері, оның қалыптасып, түбекейлі орнығын капиталистік қатынастардың өрістеуімен тұспа-тұс келеді. Нәтижесінде Отан идеясы орнығып, бірыңғай ұлттық сана-сезім қалыптасады. Бұл – батысевропалық ұлттардың тарихи дамуының шындығы. Нина Митчинова жазғандай, отандастар – бұлар менімен бір мемлекетте тұратын, өзінің өмірі мен мемлекетін жақсартуга ұмтылатын, шығу тегіне қарамастан адамдарға қол ұшын беретін ар-ұжданы азаматтар. «Сообщество», «согласие», «соотечественники» сөздерін «со» (сөз алды қосымшасы) приставкасы біріктіріп тұр. Тұбірлері әртүрлі, бірақ бірыңғай приставка оларға тенденс ұғымдық сипаттар беріп тұр. Отандастар қазіргі мен болашақ ортақ өмірдің ең өзекті мәселелері бойынша келісімге келуге өзір тұрады. Ортақ мәселелердің шешімін бірігіп табуга бейілдік танытады. Келісім (согласие) беру өтінішке оң жауабын беру деген сөз. Бұл – пікірлестік деген сөз [5].

А. Смит еңбегінің түпнұсқадағы аталуы («Исследования о причинах и природе богатства народов» деп келетін) «халықтар» («peoples») емес. Онда «ұлттар» деп («nations») жазылған. Демек, А. Смит ұлттар дегенде (біздің түсінігіміздегі) ешқандай ұлттарды емес, нарық байланыстарының негізінде пайда болған әлеуметтік-тарихи организмдерді түсінген. Мұны Дж. Вико да жазған. Ұлттың мұндай талқыны күні бүтінге дейін жалғасып келеді. Мысалы, Ұлттар Лигасы, БҮҮ сияқты атауларды еске алудың өзі жеткілікті. Демек, қазіргі уақытта ұлт дегенде шын мәніндегі ұлттың өзі ғана емес, жоғарыда тілге алынған организмдер түсінілуі керек дейтін авторлар бұл қағиданы Шығыс елдерінің ұлттарына да телуде. Және де бұл сөз ағылшын тілдес әдебиетте (біздің де) көбінесе осындай мағынада қолданылады. Ал, гео-әлеуметтік организм ұлттың пайда болуының іргетасы ретінде қызмет етеді. Мысалы, француз ұлты француздық әлеуметтік-тарихи организмнің құрылтынысыз, яғни Францияның өзінсіз пайда бола алmas еді. Олай болса, «Франция» мен «француз ұлты» терминдері бір-біріне сәйкес келе бермейді. «Қазақстан» мен «қазақ ұлты» жөнінде де осыны айтуга болады.

Егер Қазақстанда тек қазақтар ғана тұрғанда еді, онда мұндай идеалдық жағдайда оның барлық тұрғындары әрі бір этности, әрі бірыңғай ұлтты құраған болар еді. Идеалды этнос дегенде ол тұрып жатқан ел мен жерде басқа этнос немесе диаспоралық топтардың өкілдерінің ғана емес, субэтностардың да жоқтығы түсініледі. Мұндайда трайбалистік тенденциялар мен диалектілер дегениңіз атымен жоқ болып шығады. Өкінішке орай, қазақтардың өз ішінде ана тілі мен халықтық-этникалық мәдениеттен алшактап кетіп бара жатқан жандардың үлкен тобы көрінуде. Бұлар бөгде жүрттікімен мінезі сіңісіп, тұрмысы араласып кеткендер. Тұқым-тұяғы

Әбушәріп С. Полиэтникалық Қазақстандағы ұлттық бірлікті...

шетінен орысша ағып тұр. Бірақ бұл топтардың арасынан ара-кідік жайсандар да кездесіп қалады. Жалпы алғанда, мұндай жағдайдың ұлттық топтасуға жетелемейтіні анық. Этнологияда мұндай топтар «субэтнос» және «субнация» деп аталады. Бұл ретте Ресей халықтары Ассамблеясы Кеңесінің Төрағасы Р. Абдулатиповтың аузынан шыққан мына бір тәмсілді келтіре кеткен жөн: «Күндердің бір күні бүркітке оның қасиеттері жете бағаланбай қалғандай көрінеді, өйткені маңайда өзі сияқтылар өте көп еken. Бүркіт қиянға кетейін, сонда менің ерекшелігімді танып, білетін болар деп шешіпті. Қанаттылардың патшасы бөгде жерге келсе, ешкім де, ешқашан да бүркіттерді кездестірмеген еken және асқақ құсты үлкен тауыққа ұқсатыпты да, тауықты қорага қамап, дәнмен қоректендіріпті. Бүркіт жемін жемей қойыпты – сөйтсе мұның тәбетінің жоқтығы тұмсығынан болар деп, оны қысқартыпты. Қамалған бүркітке тор тарлық етіпті. Сонда бағандағы қонақтан отырган көршілеріне (тауықтарға) ұқасын деп қанатын кесіп, жүнін жұлдып-жұлдып тастапты. Мұндай қорлыққа шыдай алмаған бүркіт үйіне қайтып келіпті. Бірақ мұнда да оны туысым деп ешкім мойындаамапты» [6].

Үстем таптардың халықтың тілі мен мәдениетінің дамуы мұдделерімен, адамдардың өмірлік мұн-муқтаждықтарымен санаспай қоюы немесе ықылассыздық танытуы, ақырында, патриоттық құштердің өздерінің отанындағы компрадорлық, паразиттік, антихалықтық топтарға қарсы күресу үшін бірігуіне әкеліп соктыруы мүмкін. Мұндай әрекеттер Латын Америкасындағы ұлттардың қалыптасуында байқалған жәйт [3]. Сонымен бірге мемлекеттік мұдделер әлеуметтік-тарихи организмің талабымен қабысуы мүмкін. Кейбір елдер мен жерлерде мемлекеттік аппаратағылардың, ең алдымен билік басындағы топтардың мұдделері социорлық мұдделермен сәйкес келе бермеуі де мүмкін. Бұл ретте тарихтан фактілерді көптеп келтіруге болады. XVIII ғасырда Францияның шегінде тілі мен мәдениеті жағынан француздардан әлдекайда алшақ тұрғындар – Бретанидің кельттері, пиренейлік Франция маңындағы баскілер, Корсикалық итальянтілділер, Эльзас пен Лотарингінің немістері тұрған. Бұлар, әрине, этникалық жағынан осы күнге дейін француздардан алшақтау өмір сүріп жатқан этникалық топтар болып табылады. Алайда, бұл жайт олардың француз ұлттының құрамына енүіне ешбір тосқауыл бола алған жоқ. Өйткені, Франциядағы Ұлы революция кезінде Франция олардың отанына айналған еді. Олар діттеген бар мұддесін осы жерден тапты деуге болады: жер телімдеріне ие болып, өздерін еркін жандар ретінде сезінді. Нәтижесінде, этникалық айырмашылықтарына қарамастан, олардың баршасы бір ұлтты – француз ұлттың құрай бастады және осынау мағынада бәрі бірдей француздар болып шыға келді. Швейцарлар туралы да осыны айтуға болады. Әлбетте, ұзақ жылдар бойы бір мемлекеттің құрамында қалған осынау тұрғындар уақыт етісімен біртінде өздерінің этникалық ерекшеліктерін жоғалта барып,

француздарға сіңісп кетуі әбден мүмкін. Бұл процесс тек уақыттың еншісіне ғана байланысты сипат алады.

Адамдардың белгілі бір этностиқ жиынтығын (бірлестігін немесе қоғамдастығын) ұлтқа айналдыру үдерісін этности ұлтандыру (нациозация - этнонация) деп атауга болар еді. Ал, түрлі этностиқ топтардың топтасуы негізінде пайда болатын ұлтты социорлық ұлт дейміз. Қазақстанда ұлттық қалыптасадың осы екі үдерісі қатар жүріп отыруы керек.

Әрине, ең алдымен қазақтардың бірлігін тастығындей етіп аса маңызды және шарт. Осының негізінде ғана Қазақстандық бірлікті ойлауга, мойындауга, қалыптастыруға болар еді. Керісінше болған жағдайда, қазақтың өз ішінде де, жалпы алғандағы Қазақстанда да этностиқ-ұлттық бірыңғайлықтың жузеге шығуы негайбыл. Бұдан тысқары, Қазақстандағы ұлттық бірлікті нығайту үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасының (мұны Президент бекіткен) жузеге асырылуын қадағалау керек [7]. Онда мемлекеттік сәйкестіктиң маңызды белгісі ретінде қазақ тілі (басқарудың, заңнамалықтың, күлпі ел аумағында қызмет ететін тілі) көрсетілген. Бұл ретте көптеген сұрақтар туындауы мүмкін. Мысалы, Қазақстандық идентификациясының, яғни ұлттық бірлікті нығайтудың негізінде қайсы тіл мен мәдениет жатуы керек? Экономика – адамның бір аяғы болса, оның екінші аяғы – тіл мен мәдениет емес пе? Бұлар қатар жүруі керек, бірінің артынан бірі емес. «Алдымен экономика деген тұжырым ... онша дұрыс емес» [8]. Соңғылары халықтың халық болып қалуының аса маңызды факторлары болып табылады. Экономиканы белгілі бір санасы бар адамдар басқарады емес пе? Бұдан өз-өзінен туындаитын тұжырым, пигыл-ниет, іс-әрекет сұранып тұр. Айта кету керек, Қазақстандағы кейбір этникалық топтар өкілдерінің қос азаматтыққа ие болу құқығы мен олардың, жақында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүргізілген әлеуметтану зерттеулері көрсетіп отырғанындей, орыс рееспонденттерінің 45,6 пайызының өз ұрпағының келешегін қазақ ұлттымен байланыстырмайтындығы туралы қандай ой өрбітүге болады? [9]. Мұның өзі Қазақстандық ұлт бірлігінің қалыптасуы бүгінгі таңда іске аса қоятын шаруа емес екендігін көрсетсе керек. Жалпы алғанда, ұлттық мемлекет мемлекетқұраушы ұлт потенциалына негізделуі тиіс деген тезисті постулат ретінде қабылдау керек деп білеміз. Қазақ тілі мен қазақ мәдениетінсіз қазақ халқының өзі де, оның өзіндік ұлттықидентификациясы да (ұлттықтәндестірулік) болmas еді. Ендеше, бұларсыз Қазақстанның тәуелсіздігі және оның халықаралық қоғамдастық тарапынан мойындалуы, Президенттік институт пен саяси құрылымы, ақырында, тұластай алғандағы қоғамдық тұрақтылық туралы сөз қозғаудың өзі артықша болар еді. Тіпті, мүмкін болmas еді. Қадап айтайық, әсіресе бүгінгі күніміздің Бостандық алып, Егемен ел болғанымыздың негізі – осынау тіліміз берін дәстүріміздің арқасында екені әр уақытта Ел басшыларының есінде тұруы керек.

Әбушәріп С. Полиэтникалық Қазақстандағы ұлттық бірлікті...

Жоғарыда айтылған ойларымды сабактай келіп, мыналарды түйіндеуді жөн деп білемін.

1. Алға шыға келген ойлы жандардың белсендік танытуына және олдарды халықтың ішінен қолдайтын, қоргайтын әлеуметтік топтың табылуына байланысты, Ел ішінің жарылмауы үшін, этностық ерекшеліктер мен халықтың көпшілігінің әлеуметтік- экономикалық және саяси мұдделерінің бүтінделуі үшін басталған курсес барысында этнос өзінің дамуының жогарғы сатысына, яғни тұтастыққа қол жеткізеді. Бұл - этно-ұлттық сапалық деңгей деген сөз. Мұндай үдерістің өздігінен өрістей алмайтындығы белгілі. Тек этностық процесстер ғана жағдайларға байланысты стихиялық түрде жүріп жатады. Ал, шетжерліктердің ғана емес, ел ішіндегі топтар тараپынан да жасалатын қысым мен қанауга қарсы бағытталған қозғалыстар саяси сипат алады. Ұлттың мәнін бірінші кезекте әлеуметтік-саяси және экономикалық факторлармен де байланыстыруымыздың себебін осымен түсіндіруге болар еді. Бұл ретте ұлттық сана-сезім – бұл ұлттың түбекейлі және ұзаққа саятын мұдделерінің кеңінен де жете пайымдалуы болып табылады деген анықтама берген болар едік. Әрине, кез-келген анықтаманың формалдық сипатта болатынын ескеру керек. Жалшы алғанда, адамдардың өздерінің қауымдастырын бір организм, біртұтас қоғамдастық ретінде басқалардан ажыратса сезінуі, түсінуі мен ерік-жігер күшінің болуына байланысты, оның бұл тұтастығы мен жалпыәлеуметтік мұдделеріне қауіп төнген жағдайда баршасы тас түйін бол жүмыла білу қабілеті көрінген жерде ұлт бар деп есептеу керек.

2. Елдегі бірер тіл мен мәдениеттің негізінде, әрине әрқайсысының этникалық даралығы сақталған жағдайда, мемлекетқұраушы ұлт пен түрлі этникалық топтарды ортақ отан ғимаратының іргетасын бірігіп қалауга ең алдымен олардың ортақ әлеуметтік-саяси және экономикалық мұдделері үндейді. Ортақ мұдделерсіз мақсаттар мен іс-әрекеттер бірлігінің болуы мүмкін емес. Адамдар әл-ауқатының жақсаратынын білген жерге топтасады. Демек, оларды ортақтастыратын басты бір мұдде – әлеуметтік әділдік пен шынайылықты қамтамасыз етептін, адам баласына етепе жақын мемлекеттік жүйені әрі қарай бірлесе құру міндеті жолындағы әрекеті. Қазіргі шақта мұнан өткен мағыналы тіршілік бар ма еken! Әлбетте, бұл жайт, Ақселеу жазғандай, «Тамағына бола таңын көрмейтіндерге» – құлқын құмарын қызықтаудың соңына түскендерге жат. Мен барша жамиғатты осынау идеяның қорғаушысы болуға шақырған болар едім. Мұндай тарихи істің басталуымен социорлық ұлт салған жерден қалыптаса қояды деп ойлау қате болар еді. Ол ұзаққа саятын кезеңдерді қамтуы мүмкін.

3. Мұнда ең алдымен Ұлттық бірлігіміздің тарихи алғышарттары мен идеялық-рухани негіздері жөнінде сөз қозғау ләзім.

4. Елдің көркеюінсіз және азаматтардың әл-ауқатының жақсаруының үлттық бірлікті нығайту мүмкін емес. Мұның өзі билік және атаққұмар жергілікті бонапарттардың арам ой-ниеттерінің жүзеге асырылуына тосқауыл қоюды, ез халқын ешбір кедергісіз тонай беру үшін қанағатсыз билеуші элитаның пайдакунемдік мүдделерінің жолын кесуді, жайлы мекеменің лауазымдық жұмсақ орынтағында отыра беруді көксеп, бас пайдасын ғана ойлайтын шенеуніктердің іс-әрекеттеріне, өздерінің бәсекелестерін ығыстырып шыгаруга ұмтылатын олигархтар мен кәспкерлерге, рухани өмір саласы және білім беру, ғылым, мәдениет т.б. жүйесіндегі майлы жілікке қол жеткізу үшін ықпалын сақтап қалуға тырысатын интеллигенция топтарының кеудемсоқтығына қарсы ымырасыз күресті қүштейтуді талап етеді. Бұлардың бәрі туған халқына, тіпті «руластарына» жүгініп, өздерін олардың мүдделерінің нағызың қорғаушылары ретінде көрсетуге тырысады. Мұндай әрекеттерді жалған ұлтшылдық деп атаған болар едік. Өкінішке орай, казіргі үақытта мұндайлардың тасының өрге домалап тұрғандығы шындық.

5. Экономикалық жағынан оқшауланған аудандарды біртұтас шаруашылық қауымдастыққа біріктіру маңызды. Мұның нәтижесінде аудандар бірыңтай сауда-нарықтық айналымға тартылар еді. Бұған қол жеткізілуі үшін шағын және орта бизнесті дамыту, мүмкін болған жерлерде өндіреумен айналысатын, өнім шығаратын тамақ, женіл және ауыр өнеркәсіптің тұрларін өмірге келтіру мақсатқа сай болмақ. Әрине, 16 млн. халқы бар елде көптеген тауарларды нәтижелі дамытуға қол жеткізу қыны шаруа. Дегенмен де, ірі кооперативтерді құрып, жер магнаттарының озбырлығын шектей отырып, ауыл шаруашылығын барынша дамыту, оның заманауи келбетін қалыптастыру үшін бұл салага инвестицияның көбірек тартылуына жеткілікті түрде көңіл бөлінуі шарт. Ал, ауылдық жерлердегі инфраструктуралық қолға алмастан, олардағы сумен қамтамасыз етілу мәселеінің шешімі табылмастан, олардың өмірлік стандарттарының деңгейін көтермей тұрып тұтастай алғандағы ауыл шаруашылығын қайтадан жаңарту және оны экономиканың өркендеуі мен халықтың топтасуына әсер ететін негізгі салалардың біріне айналдыру неғайбыл.

6. Үй салынып бітер кездің ақырында маңайды жинастыратын кез келеді. Сол сияқты банктер жүйесін, сондай-ақ стратегиялық маңызды объектілерді және табиги ресурстарды (урал өндірілетін кен орындары сияқты) мемлекеттің қатаң бақылауына алушын мезгілі жетті.

7. Қарым-қатынастардың маңызды құралы – тіл. Тұрғындары бір тілде сөйлеген аймактар арасындағы экономикалық байланыстар оңай ғана орныға бастайды. Президент Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде деді емес пе? Сондықтан мемлекеттік тілдің ролін барынша көтеру, оның статусын нығайту, оған және басқа этникалық топтардың тілдеріне деген құрметтің көрсетілуіне жағдай жасау керек. Елдің мемлекеттік тілі қатынас құралы ғана емес, қоғамымыздың беріктігінің кепілі, рухани келісім мен

Әбушәріп С. Полиэтникалық Қазақстандағы ұлттық бірлікті...

бірліктің негіздерінің бірі болып қала берсін, делінген жастардың республикалық форумы қатынасушыларының үндеуінде (2009 ж., 6 қазан). Біздің ойымызша, тілдік жағдайдың реттелінуінің сипаты мен бет алысы заңдарды шығаратындар мен бекітітіндердің ішкі ориентирі мен ой-ниеттеріне байланысты болмақ. Оларды қандай рухани проблемалардың толғандыратынына қарай өрбімек. «Үштүгірлы тіл» саясатына келсек, оларды менгеру жекеленген мамандар, аудармашылар, зерттеушілер мен бизнесмендерге керек. Ал, бүкіл халықтың оларды білуі шарт емес. Кез келген дамыған тіл, егер барша халайық болып қолға алып, ықылас білдірсе, ол бір уақыттың өзінде әрі ғылым тілі, әрі бизнес тілі, әрі ұлтаралық қатынастар тілі бола алар еді.

Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия мәжілісін аша отырып, мемлекеттік хатшы К. Саудабаев мемлекеттік рәміздерге деген көзқарас халықтың біrlігін нығайтудың ең маңызды факторы болып табылады, деді [11]. Бұл ретте Франция Президентінің Германияға ресми сапармен барған кезіндегі келіссөздерде француз тілінде сөйлегенің оқырманың есіне сала кетпекшімін. Келіссөздер тәмам болып, коридорға шыққан президент канцлерімен неміспе сөйлескенін естіген журналистер дереу жанына келіп, одан келіссөз кезінде неге неміспе сөйлемегенін білгісі келеді. Президент оларға мениң келіссөзде басқа тілде сөйлеуге құқығым жоқ, өйткені Францияда француз тілі мемлекеттік рәміздердің бірі саналып, дәріптеледі, деп жауап қатыпты. Франция басшыларының ең жоғары жаратылышқа – ана тілге деген соншалықты жылы ықыласын танытқаны, ел тұрғындарын ықтимал, ерекше жағымды сезімге бөлесе керек. Аймақтар арасындағы орынқыты экономикалық, мәдени және тілдік байланыстардың орнатылуы, өз кезеңінде, туыстас этникалық топтардың қосылысусына ғана емес, басқа этникалық топтардың өзара жақындаудың да жәрдемдеседі. Ел көлемінде нарықтың дамуы барлық жерде сауаттылық пен мәдениеттің, сондай-ақ БАҚ материалдарының негізінен мемлекеттік тілде таратылуын талаң етеді. Бұл орайда мемлекеттік тілде тәулік бойы хабар тарататын теле арналарын ашу мақсатқа сай болмақ.

8. Қазақстан жағдайында қазіргі қоғам басқа этникалық топтардың мәдениеттерімен біте қайнасқан өзінің ұлттық мәдениетінің сақтаушысы, жасаушысы, тұтынушысы ретінде көрінетін сауатты жандарға мұқтаж. Мәдениет шынында да адамдардың қарым-қатынастарын реттеуінің кызметін атқарып, олардың мінез-құлқын жақсартудың факторы болып табылады, атабабалардың өндірістік, әлеуметтік, рухани тәжірибесін мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді қамтамасыз етеді. Мәдениет этностық-ұлттық қауымдастыққа жататын жандардың өзара жақындаудын, бір-біріне деген бейілдігін күшейтеді.

Біздің элитарлық қала мәдениеті жеткілікті ұлттық колоритінің жоқтығынан, өзірше дәстүрлі-ауылдық мәдениетті алмастыра алған жоқ. Қазақ қауымының бастауларын нақ ауылдық болмыстан табуга болады. Міне,

сондықтан да осынау негізді нықтауға бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу айрықша маңызға ие. Н.А.Шопенгауэр айтқандай, адамды молшылық пен билік бақытты ете алмайды. Бұл адамдардың әрқайсысының басында уайым-қайны мен мұқтаждық жетерлік. Н.Ә.Назарбаев біздің байлығымыз молшылықта емес, бірлігімізде деген еді. Сонымен, қауым ретіндегі қазақ халқы өзінің бастаулары мен қайнарларын Ауылдан алады. Ендеше оған қарай бет бұрайық! Халықтың демографиялық өсуін бұрындары көбінесе ауылдық жерлер қамтамасыз етіп отырған еді. Қазіргі уақытта да бұл мәселе үкіметтегілердің көңілі төрінен орын алуды керек. Қазақстанның кең-байтақ территориясын адамдық факторсыз игеру мүмкін емес.

9. Кейбір авторлардың жазғанындей, экономика, саясат және мәдениет органикалық түрде бірін-бірі толықтырып, бірінен-бірі туындалп отыруы керек. «Ең алдымен экономика» деген формула оншалықты дұрыс емес сияқты. Өйткені, экономика – адамның бір аяғы, ал оның екінші аяғы – тіл мен мәдениет. Олар бірінің артынан бірі емес, бірге жүріп отыруы керек. Экономиканы санаға ие адамдар басқарады емес пе? Бұлар тұтастанған (мемлекет, социум, ұлт) қоғамда ұлттың биік мақсаттарына қызмет етуі тиіс. Оның үшін қоғамда бұл инструменттерге ие болатын элитаны (элиталық сананы) қалыптастыру процестері басталса екен дейміз. Қарапайым тілмен айтқанда, мақсат дүниесінде қуу мен табыс табу ғана болса, онда жемқорлық пен жершілдіктің, сондай-ақ тұтынушылықтың белен алудың байланысты қоғам деградацияға ұшырайды. Ұлт табысты болуы үшін биік те, ізгі мұраттардың болуы шарт. Керісінше болған жағдайда, өзара күресуші «протоэлиталар» люмпенденген үнсіз көпшілікті өздерінің топтық мұдделерін түгендеу үшін пайдаланып кетуі мүмкін. Биліктегі жоғары әшелендер өкілдерінің қазақи элитарлық санаға ие болмауының себебінен қоғамдық жүйенің – бизнес пен саясаттың әлеуметтік бағыт алудын, оның ырғақтығы мен қарқындылық сипатын ашатын ұлттық жобаны жоққа шығарар еді. Нәтижесінде бизнес пен мемлекеттік құрылымдарда тек жеке басының пайдасын ойлаудың табиги ұмтылышы екпінде алға шығатын болады.

Міне, қазіргі уақытта терең ойлы жандар ақырында руханилықтың материалдыққа қарагандағы басымдылығын мойындағы бастида. Бұдан өз-өзінен қазіргі өркениеттің қандайлығына қарамастан (технологиялық немесе ақпараттық, көмірсүтектік я болмаса, заттық деп атайды ба, бұдан оның мәні өзгермейді), оның сипатын бағамдау қажеттілігі туралы мәселе туындаиды.

10. Біздіңше, рухани мәдениет, бірінші кезекте дін элитарлық сананы қалыптастыратын және оны бұқаралың байланыстыратын ұлттық идеяның негізін құрайды. Биік мақсат-мұраттың адам мен қауым жай ғана сұрықсыз өмір сүретін болып қалады. Идея дегенің барлық жерде бар. Батыс социумының өзіндік идеялық негіздерін кім терістей алады? Адам еркіндігінің бәрінен де жоғары тұруы идеясының өзі неге тұрады?! Либерализм – бұл да идеологияның бір түрі. Біздер қандай идеяны ұстануымыз, қоғамдық өмір сүрудің негізі ретінде қандай құндылықтар мен

Әбушәріп С. Полиэтникалық Қазақстандағы ұлттық бірлікті...

қағидаларды басшылыққа алуымыз керек? Жауап беріп көрейік: «дүние дидарындағы ең сұлу, ең қымбат, адам баласына ең жақын, ең дана, ең әділ» нәрсе - өзіміздің этностық болмысымыздың бетке ұстар асыл да киелі құндылықтары дер едік. Барша алуан ілімдерді бағалаудың негізгі ұстанымдары ретінде рационалдық-эмпирикалық әдістерге негізделген ғылымилықты ғана емес, ізгілік пен гуманистік басымдықтарға негізделген іс-әрекеттерді көрсеткен болар едік. Басқа мақсаттар мен міндеттер қоғамымыздың ықтимал қауіпті жағдайдың бетін бұрып жібере алмайды. Рационализм мен прагматизмге ғана иек артылған жерде сезімге орын қалмақ емес, мұнсыз адам адам болудан қалады. Әсіресе, ғылыми-рационалдықтың жер-жерлерде ұstem бола бастауы адамның ойлау жүйесін роботтандырып жіберетінін ұмытпауымыз керек.

11. Ұлттық бірлікті қамтамасыз ететін факторлардың бірі – барлық елді мекендерді бір-бірімен байланыстыратын информациялық өркениеттің, тіпті болмағанда индустріалдық (тауар өндіретін) өркениеттің талаптарына сай келетін заманауи әлеуметтік инфраструктуралық болуы шарт.

12. Тәрбиесіз жалаң білім беруге әуестік, әл-Фараби айтқандай, халықтың және жалпы адамзаттың қас дүшпандарының қолында ыңғайлы құрал болып қызмет етуі мүмкін. Интеллектуалды ұлтты қалыптастыру, инновациялық іс-қызметтің дүмпүін қамтамасыз ету тұрғысынан мемлекет басшысы тарапынан қойылған міндеттерді іске асыру халықты топтастыру жолында тағы бір арқау қызметтің өтеді. Бұл ретте жас ұрпаққа этностық-мәдени тұрғыдан білім мен тәрбие берудің маңызы зор. Елбасы тарапынан алға тартылған Ұлттық бірлік Доктринасы жобасында айтылған этномәдени білім беру бағдарламасын жасау идеясы оқыту процесін ақпараттық қамтамасыз етудің әлемдік деңгейімен үйлесетін ұлттық жүйені жасауды діттейді. Мұны құптауға болады.

13. Жалпыұлттық бірлікті одан әрі нығайту және демографиялық жағдайдың жақсаруына біздің негізгі құндылықтарымыздың ұстыны болып табылатын отбасы қомақты үлесін қосатыны хақ. Оны ыдыратып алмаудың жолдарын осы бастаң-ақ қарастыру шарт.

14. Өздерінің этностық даралығы мен идентификациясын сақтай отырып, жалпы адамдардың, ел тұрғындарының көпшілігінің тілі мен мәдениетіне біртіндеп көшүі маңызды. Ол үшін қажетті жағдайлардың жасалуы қажет. Ұлт – бұл «қиялдағы қоғамдастық» емес, – деп жазған еді ірі лингвист, ойшыл әрі еуразияшылдықтың негізін қалаушы Н.С. Трубецкой (1890-1938), – ол егер бұратаналар (инородцы-бөгде дегені гой) бұл халықтың (жергілікті) мәдениеті мен психологиясын қабылдаса, оларды өзінің қатарына қабылдай беретін қоғамдастық болып табылады [12].

15. Бұл жобалардың іске асырылуы үшін мемлекеттік аппаратты қолында ұстаған шенеуніктердің көпшілігі халықтық-элитарлық санаға ие болуы тиіс. Пассионарлық қабілет пен күш-қуаты бар айрықша топқа жол ашылуы керек. Пассионарийлерде идеяга өзін бағыштау стереотипі бас

пайдасын түгендеу мен аман қалу инстинктінен өлдекайда басым түсіп жатады. Халықтың құндылықтарға қанығып өскен мұндай өрендер ерікжігер қүшінің молдығына және шоғырлануына, сондай-ақ тас түйін бол жұмылуына байланысты қисапсыз күш-қуатты болып келеді. Кейбір қазактардың пассионарлығы әзірше сарқылып біте қойған жоқ деп ойлаймын. Бұл орайда дінге бауыр басқан, сонымен бірге жетілген рационалдықтан құр алақан емес және ел (басқа бір жерден немесе сырттан емес) тәрбиесін алған, қазақибы ғызылышп, бұлғынбекен жастарға сенім артуға болады. Мемлекеттік лауазымдарды асфальтта өскендердің емес, ел ішінен шыққан, ел тудырган ер-азаматтардың қолына ұстатқан абзal. Руль келешекте ана сүтімен, ата тәрбиесімен (жатжерліктердің емес), өскен ортасының өнегесімен және өзі оқып-тоқу арқылы жиған телегей-теніз білімін, қабілеттін халқының игілігіне жұмсауга құлшынған жандардың қолына тисе қазақтың тағдыр-табиғаты үшін алаңдамауға болады! Мұндайлардың қоғамды жұтататын жемқорлық пен жүгендіздіктің, сондай-ақ мәңгүрттіктің түп-тамырына балта шауып, халықты шын мәнінде ұлттық өмірдің рахатына кенелтетін жолға бастарына шәк келтіруге болмас. 16. Егер бір отбасының кейбір мүшелері құқығым бар, мен еркін азаматтын деп синаргогтар мен шіркеулерге қатынап, басқалары ислам немесе кришианализм мұраттарын ұстанса, біреулері ағылшын немесе арап тілдерінде сөйлеуді мақұл көрсе, басқалары қытайша немесе орысша сөйлем кетсе, ондай жерде қандай бірлік болмақ? Бұл процесс әрі қарай жалғаса берсе халықтың бөлшектенуіне әкеліп соқтырmas па екен?

ӘДЕБІЕТТЕР

1. «Егемен Қазақстан», 6 қараша 2009 жыл.; Б. Сейталина. Ел бірлігі доктринасы – ...// «Арқа ажары», 21 қараша 2009 жыл; Ж. Мамай. М. Шаханов бастаған патриоттар билік «ел бірлігі»...// «Жас Алаш», 26 қараша 2009 жыл.
2. Ж.Жунусова. Настольная книга и руководство к действию//«Казахстанская правда», 12 ноября 2009 г. См.: Абзац, который начинается так – «Формирование в Казахстане единого народа ...
3. Ю. Семенов. Производство и общество// Социальная философия...- Под редакцией И. А. Гобозова. – М.: Издатель Савин С. А. – 2003. – С. 236-266.
4. Бабаков В.Г., Семенов В.М. Национальное сознание и национальная культура.- М.-1996.-71 с.; Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли.- Л.-1989; Торукано В.П. Нация и национальные отношения: истоки, теория, современность: Автореф. Дис. ... д-ра филос. наук.- М.-1997.- 40 с. Цит.по : Сущность этнического и национального// revolution allbest. ru/ moscow/ 00012430-0.html-56Kb.
5. Нина Мичинова. Какой мерой меряете, такой и вам отмерено будет //«Казахстанская правда», 22 октября 2009 г. и др.
6. Высокий уровень соз创чества и солидарности// «Казахстанская правда», 19 ноября 2009 г.
7. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық кеңес. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасы.- Алматы.-«Қазақстан».- 1996.
8. «Астана ақшамы».- 8 желтоқсан 2009 ж.- 9 б.
9. «Егемен Қазақстан»// Амангелді Айталы...2 желтоқсан 2009 ж.

Әбушәріп С. Полиэтникалық Қазақстандағы ұлттық бірлікті...

10. Национальное единство – наш стратегический выбор//«Казахстанская правда», 28 октября 2009 г.
11. Л. Тусупбекова. Добро пожаловать на Родину// «Казахстанская правда», 8 декабря 2009 г.
12. Трубецкой Н. С. Об истинном и ложном национализме// Трубецкой Н.С. История. Культура. Язык. М., 1995. С.117. Цит. по Н. Лебедева. Трубецкой Н.С. О национальном самосознании и украинском национализме//www. pravoslavie.ru/jurnal/1384.htm- 59Kb.

REZUME

S.ABUSARIP (Turkistan)
THE FACTORS OF THE STRENGTHENING OF NATIONALITY IN THE
POLYETHNICAL KAZAKHSTAN

The author of the article examines the factors of the strengthening of nationality in the polyethnical Kazakhstan.